

"Тіркелген салық ставкалары туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 қаңтардағы №13-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 мамырдағы №27-5 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 5 наурыздағы № 46-5 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 наурызда № 4146 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Қордай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тіркелген салық ставкалары туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 13-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қордай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 мамырдағы № 27-5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-5-92 болып тіркелген, 2010 жылғы 19 маусымдағы аудандық "Қордай шамшырағы" - "Кордайский маяк" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару, индустриялық-инновациялық дамыту, аймақты, көлік пен байланысты, орта және шағын бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және Қордай аудандық мәслихат аппаратының бас маман заңгері Д.Аширбековке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г.Джинлир
Р.Нұрсипатов*